

«ДІНИ ЛИДЕРЛЕР ӘДІЛ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ӘЛЕМ ҮШІН»

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

Астана қ., 2023 ж.

Мазмұны:

- I. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі туралы
- II. Қазіргі әлемнің сын-қатерлері
- III. Съездің миссиясы мен мақсаттары
- IV. Қызметтің басым бағыттары және Съезд декларациясын іске асыру тетіктері
 - 4.1. Съездерді дайындау және өткізу
 - 4.2. Съезд декларацияларын жүйелі түрде іске асыру
 - 4.3. Съездің халықаралық институттармен және алаңдармен серіктестік қатынастарын нығайту, рухани дипломатияны дамыту
- V. Съезд құрылымдары
- VI. Тұжырымдаманы іске асыру нәтижелерінің пайымы

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған Тұжырымдамасының жобасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Астана қаласында 2022 жылғы 15 қыркүйекте қабылданған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VII съезінің Декларациясының 31-тармағына сәйкес әзірленді.

Тұжырымдама Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің одан әрі дамуының 2033 жылға дейінгі жалпы пайымын, миссиясын, мақсаттары мен бағыттарын айқындайды.

I. ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ

1.1. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі өз қызметінің 20 жылында жаһандық дінаралық диалогтың бірегей және беделді тұғырнамасына айналды.

1.2. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін өткізудің бастамашысы Қазақстан Республикасы болып табылады. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі бұрын-соңды болмаған террористік шабуылдардан кейін, адамзат өркениетаралық және дінаралық алауыздықтың алдында тұрған кезде, Қазақстан бір үстелде әлемдік рухани лидерлерді біріктіретін форум өткізу туралы ұсыныс жасады. АҚШ-тағы шабуылдардан бірнеше апта өткен соң және Рим Папасы Иоанн Павел II (2001 жылғы 22-25 қыркүйек) Қазақстанға сапары күндері пайда болған идеяны көптеген әлемдік және дәстүрлі діндердің лидерлері қолдады.

1.3. Қазақстанның Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін шақыру туралы ұсынысы қазақ халқының мәдени кодының ажырамас бөлігі болып табылатын діни толеранттылық пен қонақжайлылықтың ғасырлар бойғы дәстүрлеріне негізделген. Ғасырлар бойы Шығыс пен Батысты біріктірген Жібек жолының орталығында орналасқан Қазақстан аумағында әртүрлі діндер, конфессиялар мен мәдениеттердің өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүрді. Зороастрлық және буддистік храмдар, тәңірлік беліглер, христиандық шіркеулер мен мұсылман мешіттері ежелгі заманнан бері Ұлы дала жерінде көрші болды. XXI ғасырда Қазақстан Республикасы өзара сыйластық пен рухани алуан түрлілік дәстүрін жалғастыруда.

1.4. 2003 жылы Қазақстан астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі өтті. Оның жұмысына буддизмнің, христиандықтың, исламның, индуизмнің, иудаизмнің, даосизмнің және синтоизмнің өкілі болып табылатын 17 делегация қатысты. Бірінші Съезді өткізу күрделі кезеңге тұспа-тұс келді, ол кезде террористер қылмыстық әрекеттерін жалған діни риторикамен жамылып, әлемде қорқыныш пен сенімсіздік тудырды. Съезге қатысушылар экстремизмді, терроризмді және зорлық-зомбылықтың кез-келген түрін

діннің шынайы мәніне ешқандай қатысы жоқ деп бірауыздан айыптады. Рухани лидерлер «...діни нанымдар мен конфессиялардың алуан түрлілігі өзара күдікке, кемсітушілікке және шиеленіске емес, әр дін мен мәдениеттің бірегейлігін көрсететін өзара қабылдау мен үйлесімділікке әкелуі керек деп жария етті. Діндер толеранттылық пен өзара қабылдауды барлық халықтардың бейбіт қатар өмір сүруінің маңызды құралы ретінде мойындай отырып, жан-жанқты ынтымақтастыққа ұмтылуы керек». I съездің қорытындысы бойынша Декларацияда қатысушылар халықтар мен елдер арасындағы бейбітшілік пен келісімді қолдаудың маңызды құралдарының бірі ретінде дінаралық диалогты нығайтуға және дамытуға шақырды.

1.5. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезіне қатысушылар дінаралық форумды тұрақты негізде – үш жылда бір рет өткізу туралы шешім қабылдады. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі Қазақстан астанасында 2006 жылы өтті. Оның жұмысының басты нәтижесі әмбебап «Дінаралық диалог қағидаттарын» қабылдау болды. Съезге қатысушылар дінаралық диалог ашықтық, толеранттылық, өзара сыйластық, теңдік қағидаттарына негізделуі, сондай-ақ барлық діндердің бейбіт қатар өмір сүруі мен жемісті ынтымақтастығы жолдарын ұсынуы, диалогтың басқа түрлеріне, оның ішінде саяси және әлеуметтік диалог түрлеріне үлгі болуы тиіс екенін атап өтті. «Дінаралық диалог қағидаттары» туралы құжат Съездің кодексіне айналып оның барлық алдағы жұмыстарының негізін қалады.

1.6. 20 жыл ішінде Қазақстан Республикасының астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жеті съезі өтті. Съез қатысушылары ең өзекті мәселелерді көтерді, діни және саяси көшбасшыларға бір-бірінің мүдделерін ескере отырып, өзара сыйластық негізінде кез-келген қарама-қайшылықтарды шешуге шақырды, әр адамның өз наным-сенімдерін еркін ұстану құқығын жақтады. Съездердің қорытынды құжаттары қазіргі әлемнің ең маңызды гуманитарлық, рухани және өркениеттік мәселелерін қозғады.

1.7. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің құрылымдары дәйекті түрде нығайтылды. 2003 жылы рухани лидерлердің I съезіне қатысушылар дінаралық және халықаралық диалогтың тұрақты жұмыс істейтін органы ретінде Съезд Хатшылығын құру туралы шешім қабылдады. 2012 жылдан бастап Съезд шеңберінде рухани лидерлер мен халықаралық ұйымдар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесуге арналған Діни лидерлер кеңесінің отырыстары өтті. VI съезге қатысушылардың бастамасымен 2019 жылы Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаевтың

орталығы құрылды, ол Съезд Хатшылығының жұмыс органы болып табылады.

1.8. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің маңызды ерекшелігі оның қатысушыларының өкілді құрамы болды. Форум жұмысына барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің жоғары өкілдері, беделді саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйымдардың басшылары қатысады. 2022 жылы VII съезде әлемнің 50-ден астам елінен 100-ге жуық делегация жиналды, бұл осы диалог платформасының өзектілігі мен сұранысының айқын дәлелі болып табылады. Съезд Хатшылығының жұмыс органы халықаралық, діни, білім беру және басқа да құрылымдармен 30-дан астам меморандумдар мен келісімдер жасады. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер альянсы, Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), әл-Азхар ал-Шариф, Қасиетті Тақтың Дінаралық диалог жөніндегі Папалық кеңесі, Мәскеу Патриархатының Сыртқы шіркеу байланыстары бөлімі, Дохадағы Дінаралық диалогтың халықаралық орталығы, Ресейдің Дінаралық кеңесі, Мұсылман ақсақалдар кеңесі және бірқатар басқа құрылымдар. Съездің жаһандық дінаралық диалогтың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарларымен белгіленді.

1.9. Съезд қызметінің жиырма жылдығының қорытындысы бойынша оның қатысушыларының алдына қойған бастапқы миссиясы сәтті іске асырылғанын атап өтуге болады. XXI ғасырдың басында көптеген адамдар әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жеке кездесу мүмкіндігіне күмәнмен қарады. Бүгінгі таңда дінаралық диалог кеңінен сұранысқа ие және бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді. Съезге қатысушылар Қасиетті Тақ пен Әл-Азхар әл-Шариф арасындағы «Бейбітшілік пен бейбіт қатар өмір сүрудің пайдасына адами бауырластық туралы» құжатқа, Мекке декларациясына қол қойылуын құптайды, Өркениеттер Альянсының, «Діндер бейбітшілік үшін» ұйымының, UNCIRF, G20 Interfaith Forum, Мұсылман ақсақалдар кеңесінің бастамалары, Біріккен Араб Әмірліктерінде Ибраһим отбасының үйінің ашылуы және басқа да бастамалар әлемдегі дінаралық диалог пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған.

1.10. 2022 жылғы қыркүйектегі VII съездің қорытындысы бойынша қабылданған Декларацияда рухани лидерлер діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында диалогтық платформаны дамытуға ниет білдірді. Съезге қатысушылар діни қауымдастықтарды, халықаралық және ұлттық құрылымдарды, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарды қақтығыстарды тоқтату, адамзат алдында тұрған жаһандық проблемаларды бірлесіп шешу мақсатында ынтымақтастыққа

шақырды. Бұл Тұжырымдама Өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін одан әрі дамыту және оның қазіргі әлемдегі дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамыту мен нығайтудағы рөлі туралы пайымды білдіреді.

II. ҚАЗІРГІ ӘЛЕМНІҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

2.1. XXI ғасырдың алғашқы екі онжылдығы әлемдік экономиканың қарқынды өсуімен мен әлемдік экономикалық байланыстардың дамуымен, ал халықаралық қатынастарда – көпжақты ынтымақтастықтың кеңеюімен ерекшеленді. Жаһандық дамудың маңызды мәселелері әртүрлі халықаралық алаңдарда талқыланды. Әлемдік көшбасшылар тұрақты дамудың ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін бар қайшылықтарды сындарлы түрде шешуге, бірлесіп әрекет етуге дайын екендіктерін білдірді.

2.2. Сонымен бірге, XXI ғасырдың үшінші онжылдығының басы бірқатар қолайсыз тенденциялардың орын алуымен ерекшеленді. Әлем COVID-19 пандемиясының салдарынан ауыр дағдарыстар мен күйзелістер кезеңіне енді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, бүкіл әлемде пандемия 20 миллионға жуық адамның өмірін қиды. Коронавирустың таралуы әлемдік саудаға және барлық елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына жойқын әсер етті, жаһандық теңсіздік мәселесін ушықтырды.

2.3. Осыған байланысты соңғы жылдары әлемде геосаяси қарама-қайшылықтар күшейе түсті. Саяси тәжірибеге қарама-қайшылықты тәсілдер мен әскери-күштік әдістер қайта оралды. Планетадағы «шиеленіс нүктелерінің» саны артып келеді. Көптеген өңірлер үшін экстремизм мен терроризм мәселелері өзекті болып қала береді. Қазіргі уақытта жер халқының шамамен төрттен бірі қақтығыстардан зардап шеккен елдерде тұрады. Босқындар саны жылдан жылға артып келеді және қазірдің өзінде 100 миллион адамнан асты.

2.4. Халықаралық құқық жүйесі және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тиісті халықаралық институттар қақтығыстардың алдын алу міндетін орындай алмады. Украинадағы қарулы қақтығыстар ірі державардың әлемдік тәртіп моделі туралы көзқарастарындағы созылмалы қарама-қайшылықтардың бетін ашты және геосаяси жағдайдың күрт нашарлауына әкелді. Адамзат ядролық қақтығыстың қауіпті шегіне жақындады. Мұндай жағдайда халықаралық қатынастар жүйесі толық қайта жүктеуді және түбегейлі өзгерісті қажет етеді. Бейбіт даму мен ынтымақтастық моделіне қайта оралу қажет. Диалог тағы да халықаралық мәселелерді шешудің негізгі құралы болуға тиіс.

2.5. Жоғарыда аталған геосаяси факторлардың әсерінен әлемдік экономика елеулі қиындықтарға тап болуда. Жаһандық экономикалық өсу қарқыны мен сауда қатынастары айтарлықтай баяулады. Инфляция рекордтық деңгейге жетті. Көптеген елдерге қарыз дағдарысы қаупі төніп тұр. Соңғы онжылдықтарда алғаш рет

кедейлікте өмір сүретін адамдар санының өсуі байқалады. Планетаның әрбір оныншы тұрғыны аштықтан зардап шегеді. Сонымен бірге өндірілген азық-түліктің бестен бір бөлігі тұтынылмайды және тасталады.

2.6. БҰҰ Тұрақты даму саласындағы күн тәртібін іске асыруда «кідірістің» орын алып жатқанын атап өтуде. Дамушы елдер дамыған елдер тарапынан жеткілікті қаржылық және технологиялық қолдаусыз 2030 жылға дейінгі мерзімде Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу мүмкін еместігін атап көрсетеді.

2.7. Климаттың өзгеруіне және қоршаған ортаның деградациясына қарсы күрес шараларын іске асыруда жеткіліксіз прогресс байқалады. CO₂ шығарындылары мен жаһандық температура өсуде. ХХІ ғасырдың жиырма жылдығында 1980-1999 жылдарға қарағанда құрғақшылық, су тасқыны және дауыл 60%-ға көп тіркелді. Көптеген өңірлерде тұщы су тапшылығы қаупі өзекті болып отыр. Бұл әлемдегі кедейліктің, аштықтың және тұрақсыздықтың одан әрі өсу қаупін арттырады.

2.8. Әлеуметтік-экономикалық проблемалар, кедейлік, әртүрлі өңірлердегі қақтығыстар халықтардың жекелеген топтарының – діни, этникалық, гендерлік және басқалардың құқықтарының бұзылуына және кемсітілуіне себеп болып отыр. БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, әлемдегі әрбір бесінші адам адам құқықтары саласындағы халықаралық тәсілдерде көзделген белгілердің кем дегенде біреуі бойынша кемсітушілікке тап болады.

2.9. Қазіргі әлемнің көптеген жағымсыз үрдістерінің негізінде терең құндылықтардың ауысуы, адамгершілік және рухани құндылықтардың құнсыздану процесі жатыр. Экономикалық өсу жылдары «тұтыну қоғамын» қалыптастырды, сонымен бірге адамзат құндылықтары мен мәдениеті күрт өзгеруде. Қоғамда «материалдық табысты» дәріптеу, адамдар мен табиғатқа тұтынушылық қарым-қатынас қалыптасуда.

2.10. Соңғы онжылдықтар айтарлықтай технологиялық жетістіктермен ерекшеленді. Алайда, оң мүмкіндіктермен қатар, ол дәстүрлі құндылықтарды одан әрі жоюдың елеулі тәуекелдерін де көтерді. Цифрлық технологияның дамуымен байланысты революциялық өзгерістер, нейрондық желілер мен жасанды интеллекттің пайда болуы, медицинадағы жаңалықтар, био және гендік инженерия ғаламның табиғаты, адамның болмысы және өмірдің мәні туралы іргелі сұрақтарды туғызады.

2.11. Адам өмірінің орталығында рухани тәжірибе жатыр. Ерте ме, кеш пе, адамдар болмыстың негізгі мәселелеріне назар аударады және рухани дамудың қажеттілігін сезінеді. Осы сұранысқа жауап

ретінде қазіргі қоғам әртүрлі– өзін-өзі жетілдіру теориялары мен жеңілдетілген жалған рухани тәжірибелерден бастап, сенімнің шынайы табиғатын және оған деген рационалды көзқарасты бұрмалайтын радикалды және экстремистік идеологияларға дейін жаңа идеологиялар мен субмәдениеттердің кең ауқымын ұсынады. Бұл жағдайда әлемдік және дәстүрлі діндердің іргелі рухани және адамгершілік құндылықтарды сақтаушы ретіндегі рөлі айтарлықтай артып келеді. Жаңа ұрпақтың рухани мәдениетін қалыптастыру кезінде адамзаттың мыңдаған жылдық рухани тарихының сабақтастығын сақтау маңызды.

2.12. Бірде-бір мемлекет немесе ұйым жалғыз өзі жаһандық қиындықтарды және адамзатқа қауіп төндіретін сын-қатерлерді жеңе алмайды. Ізгі ниетті адамдар – бүкіл планетадағы рухани, саяси және қоғамдық көшбасшылар қазіргі қоғамдардың ыдырау процесіне қарсы тұру, елдердің қарсылас блоктарға бөлінуіне жол бермеу, толеранттылық, бейбітшілік пен келісім құндылықтарын ілгерілетуге көмектесу үшін бірігуі керек. Бұл міндеттерді шешу үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің интеграциялық және жасампаз әлеуетін тарту өте маңызды.

III. СЪЕЗДІҢ МИССИЯСЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өзін ықпалды діни, саяси және қоғам қайраткерлерін біріктіретін тиімді дінаралық диалог алаңы ретінде көрсетті.

Съезд өз дамуының бірінші кезеңінде (2003-2023) дінаралық диалогтың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарды.

Келесі кезеңде (2023 – 2033 жж.) Съезді дамыту парадигмасының негізгі элементі **адамзаттың ең өзекті мәселелерін шешуге жәрдемдесу үшін діни лидерлердің күш-жігерін біріктіру болып табылады.**

Съезд өз қызметінің алдыңғы екі онжылдығындағы оң тәжірибесіне сүйене отырып, жаһандық дінаралық және мәдениетаралық диалогты ілгерілету және насихаттау жөніндегі жұмысты жалғастырады. Сонымен қатар, қоғамда сенім мен беделге, сондай-ақ моральдық және этикалық күшке ие діни лидерлер қазіргі әлемнің ең күрделі қарама-қайшылықтары мен сын-қатерлерін жеңуге жәрдемдесе алады. Әлемдік және дәстүрлі діндер ұлттық және халықаралық деңгейде тұрақтылықты, бірлік пен келісімді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезін аша отырып, дін қайраткерлеріне халықаралық қатынастардың поляризациясын төмендетуге және әлемдік тәртіптің эрозиясын еңсеруге бағытталған халықаралық күш-жігерге жәрдемдесуге шақырды.

Қазақстан Президенті атап өткендей, рухани көшбасшылар, саяси және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ ізгі ниетті адамдар **бейбітшілік үшін жаһандық қозғалыс** шеңберінде бірігіп, халықаралық қауіпсіздіктің жаңа берік жүйесін қалыптастыруға және адамзат алдында тұрған өзекті саяси, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және өзге де сын-қатерлерді тиімді шешуге ықпал ету үшін бірге әрекет етуі тиіс.

Форумға қатысушылар бұл бастамаларды қолдады, бұл өз кезегінде VII съездің қорытынды Декларациясында көрініс тапты.

3.2. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың жаңа парадигмасы шеңберінде алдағы онжылдықта **Съездің миссиясы әлемдік және дәстүрлі діндер қауымдастықтары арасындағы өзара түсіністік пен құрметті одан әрі нығайту, сондай-ақ бүкіл адамзатқа әділ, қауіпсіз және гүлденген болашақ құруға жәрдемдесу үшін рухани дипломатияның әлеуетін іске асыру болып табылады.**

3.3. Съездің 2023-2033 жылдарға арналған мақсаттары:

1) Көпжақты диалог пен ынтымақтастықтың, әлемдік және дәстүрлі діндер, халықаралық, ұлттық, қоғамдық институттар лидерлерінің және Съезд миссиясын қолдайтын ізгі ниетті адамдардың күш-жігерін үйлестірудің тиімді тұғырнамасы ретінде Съезді одан әрі дамыту;

2) Кез келген дәуірде тұлға мен адамзат қоғамын дамытудың мызғымас негізі болып табылатын іргелі рухани және адамгершілік құндылықтарды осы құндылықтарды бөліспейтіндерге құрметпен қарай отырып ілгерілету;

3) Қазіргі әлемнің жаһандық мәселелерін (*кедейлік, теңсіздік, экологиялық дағдарыстар, кемсітушілік, пандемия, экстремизм, терроризм және т. б.*) шешу үшін әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің, халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік және қоғамдық институттардың, азаматтық қауымдастықтардың, академиялық топтардың және бүкіл әлемдегі барлық ізгі ниетті адамдардың күш-жігерін біріктіру;

4) Өзара сыйластықты, бейбітшілік пен келісімді адам өмірінің мызғымас қағидаттары ретінде бекіту, діндер, ұлттар мен этникалық топтар арасындағы диалог пен өзара сыйластық мәдениетін ілгерілету, келіспеушіліктер мен қақтығыстарды татуласу мен ымыраға келу негізінде шешу;

5) Адамдардың діни сезімдерін қақтығыстар мен соғыс қимылдарын өршіту және ушықтыру үшін пайдалануға жол бермеу, радикализмге, экстремизмге, терроризмге және зорлық-зомбылыққа олардың кез келген көріністерінде үздіксіз қарсы тұру;

6) Әлемдік және дәстүрлі діндерге жататын белгілерді, тарихи және мәдени мұра объектілерін қорғау және сақтау.

3.4. Съезге қатысушылар мен оның құрылымдары мемлекеттердің істеріне араласуды көздемейді. Сонымен қатар, рухани лидерлер неғұрлым әділетті және қауіпсіз қоғам құру мақсатында ресми ұлттық институттармен диалогқа және бірлесіп жұмыс істеуге дайын.

3.5. Съезд қызметінің іргелі қағидаттары 2003-2022 жылдар аралығында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері әзірлеген және қабылдаған форумның қорытынды декларацияларында көрсетілген. Съезге қатысушылар мен оның құрылымдары өз қызметінде сабақтастықты сақтайды және алдыңғы дінаралық форумдарда қабылданған құжаттарға сүйенеді.

IV. ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ СЪЕЗД ДЕКЛАРАЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің белгіленген миссиясы мен мақсаттарына сәйкес дамудың жаңа парадигмасы аясында 2023 – 2033 жылдардағы қызмет үш негізгі бағытта жүзеге асырылатын болады:

Бірінші. Өзекті жаһандық трендтер мен сын-қатерлерді ескере отырып, дінаралық форумдарды дайындау және өткізу.

Екінші. Съездердің декларацияларын жүйелі іске асыру негізінде қазіргі әлемнің жаһандық проблемаларын шешуге жәрдемдесу.

Үшінші. Рухани дипломатияны дамыту, Съездің халықаралық институттармен және алаңдармен, халықаралық қатынастардың басқа да субъектілерімен серіктестік қатынастарын нығайту.

4.1. Съездерді дайындау және өткізу

4.1.1. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі халықаралық ұйымдар, ұлттық үкіметтер, үкіметтік емес ұйымдар, зерттеу құрылымдары өкілдерінің қатысуына арналған ашық **дін қайраткерлерінің диалогы мен ынтымақтастығының жаһандық платформасы** ретінде дамитын болады.

4.1.2. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері **үш жылда бір рет** өткізілетін болады. **Съездердің өтетін орны Қазақстан Республикасы болып табылады.**

4.1.3. Съезге қатысушыларға өзара тану және сыйластық қағидаттарын сақтай отырып, пікірталас, ашық және сындарлы диалог үшін қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін болады. Съезде рухани лидерлер мен олардың өкілдерінің көпшілік алдында сөз сөйлеу, өз көзқарастарын еркін білдіру және пікір алмасу тәжірибесі жалғастырылатын болады. Съезд аясында әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері мен олардың өкілдері шешім қабылдаған кезде **көпшілік қағидаты** сақталады.

4.1.4. Съезд жұмысын ұйымдастыру және өткізу кезінде, ортақ құжаттармен **бірлесіп жұмыс істеу барысында діндар адамдардың сенімдері мен діни сезімдерінің айырмашылықтары құрметпен және түсіністікпен ескеріледі.**

4.1.5. Алдағы Съездердің күн тәртібі туралы шешімдерді Хатшылық жұмыс тобының және Хатшылық отырысына қатысушылардың ұсыныстарын ескере отырып, Хатшылық қабылдайды. Съездің маңызды тақырыбы соғыстардан, қақтығыстардан, экстремизмнен, терроризмнен және сепаратизмнен азат бейбітшілікті сақтау; қайшылықтарды шешудің, келіспеушіліктер

мен дұшпандықты еңсерудің оңтайлы жолдарын іздеу; рухани-адамгершілік құндылықтарды ілгерілету, өзара қабылдау және өзара сыйластық; орнықты әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері болып қала бермек.

4.1.6. Съезд өз жұмысында Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ), Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ЭКОСОС), БҰҰ Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО), Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК), Араб мемлекеттері лигасының, Дүниежүзілік ислам лигасының, Ислам ынтымақтастық ұйымының (ИЫҰ), Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам әлемі ұйымының (ИСЕСКО), Дүниежүзілік шіркеулер кеңесі, Православие парламентаралық ассамблеясы, Дүниежүзілік буддистер қауымдастығы, Король Абдалла ибн Абдель Азиз атындағы Дінаралық және мәдениетаралық диалог халықаралық орталығы және Съездің миссиясы мен мақсаттарын қолдайтын басқа да беделді халықаралық ұйымдардың жаһандық күн тәртібін ескеретін болады.

4.1.7. Съезге қатысушылардың негізгі идеялары, пайымдауы, ұсынымдары мен ұстанымдары қорытынды құжаттарда – декларацияларда көрсетіледі. Декларациялар тұжырымдамалық құжаттар болып табылады. Қорытынды декларацияға қол қойған Съездің барлық қатысушылары оларға салынған месседждерді ілгерілетіп, танымал ете алады.

4.1.8. Әрбір Съездің қорытындысы жөніндегі арнайы құжат ретінде – форум серіктестерімен бірлесіп Қазақстанда да, халықаралық деңгейде де **Съезд Декларациясын ілгерілету және практикалық іске асыру жөніндегі Жол картасын** қабылдау көзделген. Бұл рухани лидерлердің Съезде айтқан идеяларды, тезистер мен жобаларды іс жүзінде жүзеге асыруға ықпал етеді.

4.1.9. БҰҰ Бас Ассамблеясының ресми құжаты ретінде тіркелу үшін БҰҰ Бас хатшысының қарауына Съезд декларацияларын енгізу дәстүрі жалғастырылатын болады. Қажет болған жағдайда әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үндеулері БҰҰ-да толеранттылық және дінаралық ынтымақтастық тақырыбы бойынша дербес, сондай-ақ халықаралық серіктестермен бірлесіп әзірленетін арнайы қарар дайындау туралы өтініштері қаралатын болады.

4.1.10. Съезд өз құжаттарында бірлескен іс-қимылдардың жалпы бағыттары мен басымдықтарын айқындайды. Барлық мүдделі тараптар – Съезге қатысушылар, діни ұйымдар, ұлттық үкіметтер, азаматтық қоғам институттары, жеке сектор және басқа да субъектілер – Съездің мақсаттарына қол жеткізуге және оның құжаттарын іске

асыруға үлес қосады деп күтілуде. Съезге қатысушылар оның шешімдерін іске асыру тәсілдерін таңдауда дербес болады. Съезге қатысушылар бір-біріне жәрдем көрсетіп, халықаралық деңгейде серіктестікті дамытуға жәрдемдесетін болады.

4.1.11. Съездер бағдарламасында **Жас діни лидерлер форумын**, сондай-ақ жас рухани қайраткерлер мен зайырлы жастардың қатысуымен басқа да іс-шараларды (секциялық отырыстарды) өткізу көзделетін болады. Съезге қатысушылар форум қызметіне түрлі конфессиялардың, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, перспективалы жас ғалымдар мен саясаткерлерді тарту есебінен дінаралық және мәдениетаралық диалогтың сабақтастығына мүдделі. Жас лидерлерді Съезд қызметіне тарту алдағы жылдары өркениетаралық және конфессияаралық диалог дәстүрлерін сақтаудың кепілі болып табылады.

4.1.12. Съезге қатысушылар инклюзивтілік қағидатына сәйкес форум қызметіне әйелдерді, мүмкіндігі шектеулі адамдарды, басқа да мүдделі әлеуметтік топтардың өкілдерін кеңінен тартуға мүдделі. Съезд қызметіндегі маңызды басымдық адамдарға, әлеуметтік топтарға немесе қауымдастықтарға қатысты әділетсіздіктің кез келген нысандарын еңсеруге, адам құқықтарын сақтауға бағытталған халықаралық күш-жігерге жәрдемдесу болып табылады.

4.1.13. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері бұқаралық ақпарат құралдары үшін ашық өтеді. БАҚ өкілдерінің жұмысы Съездің негізгі іс-шараларының ашықтығын қамтамасыз ететіндей және бұл ретте оның қатысушыларына кедергі келтірмейтіндей үйлестірілетін болады.

4.1.14. Қазақстан Республикасы Съезд шеңберінде діни лидерлерге, қоғамдық және саяси қайраткерлерге, ұйымдарға дінаралық диалогты нығайтуға қосқан зор үлесі үшін берілетін **Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын** және **Съездің Құрмет медалін** тапсыруды жалғастырады.

4.2. Съезд декларацияларын жүйелі түрде іске асыру

4.2.1. Съездаралық кезеңде Съезге қатысушылар мен оның құрылымдары өздері тартатын серіктестермен (*діни лидерлер/қауымдастықтар, халықаралық ұйымдар, саясаткерлер және қоғамдық пікір көшбасшылары, ҮЕҰ, ғалымдар, сарапшылар және т. б.*) бірлесіп атқаратын қызметі екі негізгі міндетті шешуге бағытталған: 1) Съездердің қорытынды декларацияларының ережелерін іске асыру, сондай-ақ олардың жетістіктеріне мониторинг

жүргізу; 2) келесі Съезді өткізуге өзекті күн тәртібі мен материалдарын әзірлеу.

4.2.2. Съездаралық кезеңдегі Съезд құрылымдарының жоспарлы қызметі **Съезд Хатшылығының форум декларациясының ережелерін ілгерілету және практикалық іске асыру жөніндегі Жол картасын** іске асыруға негізделеді. Жол картасын Хатшылық келіседі және оны Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының басшысы бекітеді.

4.2.3. Съездер арасындағы кезеңде Қазақстанда және шетелде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерімен келісім бойынша **діни лидерлері кеңесінің (қажеттілік бойынша), Съезд Хатшылығының, Хатшылықтың жұмыс тобының отырыстары, сондай-ақ Съезд аясында болатын басқа да іс-шаралар** өткізіледі.

4.2.4. Съездаралық кезеңдегі Съезд құрылымдарының басымдығы дінаралық диалог пен әлемдік күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша Съезге қатысушы діни лидерлердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету және ынтымақтастығын үйлестіру болып табылады.

4.2.5. Жол картасын іске асыру шеңберінде Съездаралық кезеңде Қазақстанда және басқа елдерде Съездің миссиясын, мақсаттары мен декларацияларын ілгерілетуге және іске асыруға бағытталған түрлі іс-шаралар (онлайн/офлайн халықаралық кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, уағыздар, дәрістер, көрмелер, семинарлар және т.б.) өткізілетін болады. Қажет болған жағдайда халықаралық маңызы бар туындайтын өткір проблемаларды шешуге жәрдемдесетін шұғыл іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін.

4.2.6. Съезд құрылымдары халықаралық ұйымдармен және ұлттық үкіметтермен серіктестікте съездаралық кезеңде **өңірлік дінаралық конференциялар** (консультациялар) өткізуге ниетті. Аталған іс-шаралар Съездің миссиясын, мақсаттары мен декларацияларын ілгерілетуге, сондай-ақ өзекті өңірлік сын-қатерлерді шешуге жәрдемдесуге бағытталатын болады.

4.2.7. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қатысушылары мен құрылымдары халықаралық ұйымдармен және ұлттық үкіметтермен, сондай-ақ Съездің басқа серіктестерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, әлемнің әртүрлі өңірлеріндегі даулар мен қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу мақсатында **медиация рәсімдеріне қатыса алады.**

4.2.8. Діни лидерлер қақтығыстан кейінгі қоғамдарда және қарулы қақтығыстардан айыққан аумақтарда бейбіт өмір мен

«жеккөрушілік жараларын» емдеуге ықпал ету үшін діннің күшін пайдалануға ниетті.

4.2.9. Съездің құрылымдары қазіргі жас ұрпақты толғандыратын мәселелерді шешу үшін **халықаралық жастар диалогы мен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін болады.** Съезд құрылымдары дінаралық және мәдениетаралық өзара түсіністікті ілгерілету мақсатында діни және зайырлы жастар ұйымдарымен, соның ішінде AIESEC, SIFE, Жастар түсіністігі үшін, Халықаралық жастар палатасы, Еуропалық құқық студенттері қауымдастығымен (ELSA) және басқа да ұйымдармен ынтымақтасатын болады. Осы мақсатта Съезд аясында **жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен түрлі іс-шаралар** өткізілетін болады.

4.2.10. Съезге қатысушылар **жастарды экстремистік идеологиялардың ықпалынан қорғап қалуды** маңызды міндет деп санайды және жастар ортасында радикализмнің таралуына қарсы тұру кезінде халықаралық қоғамдастықтарға және ұлттық үкіметтерге жәрдем көрсететін болады.

4.2.11. Съездің миссиясы, мақсаттарын және декларацияларын ілгерілету мақсатында **діни лидерлерінің және олардың өкілдерінің Қазақстанның және басқа елдердің жастарымен кездесулері** ұйымдастырылып, өткізілетін болады.

4.2.12. Съезге қатысушылар форум аясында **еріктілер қозғалысын қолдайды және дамытады.**

4.2.13. Съезге қатысушылар және құрылымдар БАҚ және басқа да медиа-платформалар арқылы жеккөрушілік тілін қолдануға, дін, нәсіл немесе этнос белгілері бойынша зорлық-зомбылыққа итермелеуге қарсы тұруға, осы саладағы жастарға білім беру жөніндегі бірлескен күш-жігерін жұмсауға ниетті.

4.2.14. Съезге қатысушылар мен құрылымдар діни рәміздердің, ғибадатханалардың және діндар адамдардың сезімдеріне қатысты түрлі арандатушылықтардың алдын алу жөніндегі бірлескен жұмыс жүргізуге ниетті.

4.2.15. Съезд қызметі туралы жұртшылықтың хабардар болу деңгейін арттыру, съездің миссиясын, мақсаттарын ілгерілету және декларацияларын іске асыру мақсатында тұрақты негізде **ақпараттық-ағарту іс-шаралары** өткізілетін болады. Оған қатысушылардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдар өкілдерінің, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдар мен сарапшылардың рухани мәтіндерінің, Съезд материалдарының, баяндамаларының және еңбектерінің электрондық кітапханасын қамтитын **халықаралық рухани білім онлайн-орталығы** құрылатын болады. Съездің миссиясы мен

мақсаттарына жауап беретін деректі фильмдер, подкасттар, кітаптар, альбомдар және басқа да медиа-өнімдерді шығару жоспарлануда.

4.2.16. Съезд құрылымдары **оқу орындарымен, зерттеу орталықтарымен, ғалымдармен және сарапшылармен**, оның ішінде БҰҰ-ның «Академиялық ортамен өзара іс-қимыл» (ЮНАИ) бастамасы шеңберіндегі **ынтымақтастықты** дамытуға ниетті. Съезге қатысушылар мен оның құрылымдары дінаралық және этносаралық қатынастар саласындағы зерттеулерді, дінаралық диалог пен өзара іс-қимылды нығайтуды, діндердің қазіргі қоғамдағы рөлін қолдайтын болады. Съезд құрылымдары ғылым және білім беру құрылымдарымен серіктестікте діни диалог тақырыбын зерттеушілерге арналған **Дінаралық ынтымақтастық жөніндегі стипендиялар бағдарламасын** бастауға, сондай-ақ осы саладағы басқа жобалар мен зерттеулерге қолдау көрсетуге ниетті.

4.3. Рухани дипломатияны дамыту, Съездің халықаралық институттармен және алаңдармен серіктестік қатынастарын нығайту,

4.3.1. Съезд құрылымдары конфессияаралық және өркениетаралық диалог саласындағы **беделді халықаралық ұйымдармен** ынтымақтасады. Халықаралық күн тәртібіндегі маңызды мәселелерді ілгерілетудегі көпжақты алаңдардың маңызды және барған сайын өсіп келе жатқан рөлін ескере отырып, **Съезд диалогқа қатысушылар шеңберін кеңейтуді** және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады.

4.3.2. **БҰҰ Өркениеттер Альянсының** дінаралық және мәдениетаралық диалогы арқылы мәдениетаралық шиеленісті төмендету және қауымдастықтар арасында көпір салудағы жоғары рөлін мойындай отырып, сондай-ақ Альянс қарайтын мәселелердің күн тәртібін кеңейте отырып, Съезд құрылымдары осы халықаралық ұйыммен ынтымақтастықты нығайтуға ниетті.

4.3.3. Съезд құрылымдары **Съез өкілдерінің БҰҰ пікірталастарына қатысу** мүмкіндігін, сондай-ақ ЮНЕСКО, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ИЫҰ, ИСЕСКО және басқа да ықпалды халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты тереңдетуді ілгерілетуге ниетті.

4.3.4. Съезд құрылымдары «Бейбітшілікке арналған діндер», Дүниежүзілік ислам лигасы, әл-Азхар ал-Шариф, Мұсылман ақсақалдарының кеңесі, Хамада Королінің Жаһандық бейбіт қатар өмір сүру орталығы, Дохадағы Халықаралық дінаралық диалог орталығы, Діни және дәстүрлі бітімгерлер желісінің Хатшылығы, Король Абдалла ибн Әбдел Әзиз атындағы Халықаралық дінаралық және

мәдениетаралық диалог орталығы және басқа ұйымдар мен серіктестер сияқты **мақсаттары мен міндеттері бойынша ұқсас көпжақты алаңдармен ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруға ниетті.**

4.3.5. Съезд құрылымдары **жаңа серіктестермен және ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге** бағытталған. Серіктестікті және ынтымақтастықты кеңейту Съездің мақсаттарына қол жеткізуге, оның декларацияларын іске асыруға, форум алаңында әзірленген идеялар мен бастамаларды ілгерілетуге, Съездің қызметіне назар аударуға бағытталатын болады.

4.3.6. Қазіргі әлемнің жаһандық проблемаларын жеңілдету мақсатында әлемдік және дәстүрлі діндердің лидерлері рухани дипломатия мүмкіндіктерін дамытуға жәрдемдесетін болады. Осы мақсатта Съезге қатысушылардың шешімімен **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Ізгі ниет елшілері** тағайындалады. Елшілердің кандидатураларын Съезд Хатшылығы ұсынады және қарайды.

4.3.7. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Ізгі ниет елшісі тиісті мәртебені тағы бір мерзімге ұзарту мүмкіндігімен үш жылға тағайындалады. Съезден кейін бірлескен жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін Съездің Құрметті Елшісі мәртебесі берілуі мүмкін. Конвенцияда Елшілердің саны шексіз болуы мүмкін.

4.3.8. Елшілер қатарына Съездің мақсаттары мен идеяларын халықаралық деңгейде ілгерілетуге мүдделі көрнекті және жоғары беделді діни, саяси және қоғам қайраткерлері, өнер, әдебиет, ғылым, спорт немесе қоғамдық өмірдің басқа да салаларының өкілдері шақырылуы мүмкін.

4.3.9. Съездің Ізгі ниет елшілері ерікті негізде әрекет етеді, Съездің миссиясын, мақсаттары мен декларацияларын ілгерілету үшін өз мүмкіндіктерін пайдаланады, оның іс-шаралары мен жобаларына қатысады.

V. СЪЕЗД ҚҰРЫЛЫМЫ

5.1. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету мәселелерін шешу, сондай-ақ осы Тұжырымдаманы іске асыру **Съезд құрылымдарына** – Діни лидерлер кеңесіне, Съезд Хатшылығына, Хатшылықтың жұмыс тобына жүктеледі.

5.2. **Діни лидерлердің кеңесі** – отырыстарды өткізу туралы шешімді Съезд Хатшылығы қабылдайтын, Съездің тұрақты емес органы. Кеңестің құрамы Съезд шешімімен құрылады. Кеңес отырыстары әртүрлі елдерде өткізілуі мүмкін.

5.3. Съездің тұрақты жұмыс істейтін алқалы атқарушы органы **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Хатшылығы** болып табылады.

5.4. Хатшылықтың құрамына Съезге қатысушылар не олардың өкілдері кіреді. Қазақстан Республикасының өкілі Съезд Хатшылығының төрағасы болып табылады. Хатшылық Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласындағы Съездің штаб-пәтерінде орналасқан. Хатшылық өз отырыстарын жыл сайын өткізіп отырады.

5.5. Хатшылық Съездерді және оның негізгі құжаттарын (*күн тәртібі, декларация, қатысушылардың құрамы, бағдарлама және басқалар*) дайындауды, сондай-ақ өзге де іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді. Съезд Хатшылығы, Хатшылық төрағасының басшылығымен мемлекеттік, халықаралық немесе өңірлік ұйымдармен және форумдармен қарым-қатынаста Съездің атынан өкілдік етуге құқылы.

5.6. Хатшылыққа жүктелген нақты міндеттерді шешу үшін Хатшылық басшысының шешімімен тұрақты немесе уақытша органдар – жұмыс тобы, комиссиялар құрылуы, жауапты тұлғалар тағайындалуы мүмкін.

5.7. Съезді ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ оның құрылымдарының қызметін қамтамасыз ету мәселелерімен **«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ** айналысады. Съездің, кеңестің және Хатшылықтың шешімі бойынша «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ Съезд аясында іс-шараларды ұйымдастырады, қажетті материалдарды дайындайды, ақпараттық-ағарту және зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді, дінаралық диалогты дамыту жөніндегі бастамаларды халықаралық деңгейде ілгерілетеді.

VI. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ПАЙЫМЫ

6.1. Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі 2023-2033 жылдары **жаһандық дінаралық диалог пен ынтымақтастықтың тиімді алаңы** ретінде дамиды болады. Съездің қатысушылары мен құрылымдары діни бірлестіктермен, ұлттық және халықаралық институттармен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, өзекті жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған діни лидерлердің бастамалары мен күш-жігерін іске асыруға жәрдемдесетін болады.

6.2. Съезд алаңында, сондай-ақ съездаралық кезеңде Съезд құрылымдары рухани лидерлердің, саяси және қоғам қайраткерлерінің, ғылыми, шығармашылық зиялы қауымның ықпалды өкілдерінің нәтижелі кездесулері мен келіссөздерін өткізу үшін жағдайлар жасайтын болады. Съездердің қорытынды декларацияларын іске асыру жөніндегі Жол картасы құралын енгізу, Съездің Ізгі ниет елшілерінің қызметі, жас діни лидерлері форумын құру, волонтерлік қозғалысты қолдау, Съезд өкілдерінің медиация рәсімдеріне қатысуы және Съезд аясында зерттеу, ағартушылық және басқа да жобаларды іске асыру Съезд қызметінен практикалық қайтарымды арттыруға ықпал ететін болады.

6.3. Съезге қатысушылардың қызметі мен ауқымы кеңейеді. Инклюзивтілік қағидатына сәйкес форум жұмысына түрлі конфессиялар мен діни қауымдастықтардың өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жастар, әйелдер, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымы, медиа қоғамдастығы кеңінен тартылатын болады.

6.4. Рухани дипломатия құралдарын пайдалану арқылы Съездің халықаралық институттармен өзара іс-қимылы кеңейіп, нығая түседі. Съездің қызметі мәдениетаралық және өркениетаралық ынтымақтастықтың жаһандық жүйесіне біріктірілетін болады.

6.5. Осы тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі әртүрлі діндер, мәдениеттер мен көзқарастардағы адамдар арасындағы сыйластыққа, өзара түсіністікке және ынтымақтастыққа негізделген бейбітшілікті қалыптастыруға маңызды үлес қосады деп күтілуде, мұндағы қақтығыстар мен қайшылықтар адамгершілік пен әділеттілік туралы жалпы идеялар негізінде татуласуға әкелетін сенімді диалог арқылы шешіледі.

6.6. Осы тұжырымдамада баяндалған тәсілдерді іске асыру рухани дипломатияның әлеуетін неғұрлым белсенді пайдалануға және адамзат алдында тұрған аса маңызды сын-қатерлер мен қатерлерді еңсеру үшін діни лидерлердің күш-жігерін біріктіруге ықпал ететін болады.

6.7. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қатысушылары мен құрылымдары форумның мақсаттары мен құндылықтарымен, сондай-ақ осы Тұжырымдамада айқындалған бағдарлармен бөлісетіндердің барлығымен ынтымақтастыққа мүдделі.
